

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР
КӨЗДЕРІ**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
НОРМА
ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМА -

СУБЪЕКТИЛЕРДІҢ

КЕЛІСІМІМЕН

ҚАБЫЛДАНАТЫН, ОЛАРДЫҢ

ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН

МІНДЕТТЕРІН БЕКІТЕТІН

РЕСМИ АНЫҚТАЛҒАН ЕРЕЖЕ.

КЛАССИФИКАЦИЯ

- ӨРЕКЕТ ЕТУ ШЕҢБЕРІ БОЙЫНША: ӘМБЕБАП, АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ПАРТИКУЛЯРЛЫ
- ЗАҢИ КҮШІ БОЙЫНША: JUS COGENS, ERGA OMNES, ИМПЕРАТИВТІ ЖӘНЕ ДИСПОЗИТИВТІ
- ЖҮЙЕДЕГІ ФУНКЦИЯЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ: МАТЕРИАЛДЫ ЖӘН ПРОЦЕССУАЛДЫ
- ҚҰРЫЛУ НЫСАНЫНА ҚАТЫСТЫ (ҚАЙНАР КӨЗІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ): ШАРТТЫҚ, ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ШЕШІМДЕРІ.

ӘМБЕБАП НОРМАЛАР

ӘМБЕБАП НОРМАЛАРДЫҢ
ҚАСИЕТТЕРІ: ОНЫҢ ЖАҒАНДЫ
ӘРЕКЕТ ЕТУІ, ЖАЛПЫҒА
МІНДЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ҚҰРЫЛУЫ МЕН ЖОЙЫЛУЫ
ЖАЛПЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҚ КЕЛІСІМІ
НЕГІЗІНДЕ ҒАНА МҮМКІН.

Jus cogens — бұл халықаралық құқықтың арнайы түсінігі, ол халықаралық құқықтың императивті нормасы болып табылады. Қазіргі таңда доктрина мен сот тәжірибесі jus cogens категориясына жататын абсолютті және міндетті халықаралық құқықтың қағидаларын таниды.

Алғаш рет императивті нормалар жөнінде Халықаралық Әділеттің Тұрақты Палатасының 1923 жылы Уимблдон кейсінде орын алды. Алайда осы істе тікелей императивті нормалардың түсінігі белгіленбесе де, осы іс барысында мемлекет егемендігінің шексіз еместігі көрсетіледі. *jus cogens* бойынша консенсус 1968 жылы өткен Вена Конференциясында қабылданып, ол Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена Конвенциясының 53 бабында бекітілді.

Вена Конвенциясының 53 бабына сәйкес

Жалпы халықаралық құқықтың императивті нормасы дегеніміз одан бас тартуға жол берілмейтін және тек осындай қасиетке ие басқа нормамен өзгертілуі мүмкін, мемлекеттердің халықаралық қауымдастығымен қабылданатын және танылатын норма болып табылады.

Императивті нормалардың тізімі шектелген, алайда толық тізім бүгінгі күні жоқ. Яғни олар арнайы өкілетті органмен белгіленбейді немесе санкцияланбайды. Бұл нормалар сот тәжірибесі және өзгеріп жатқан әлеуметтік және саяси көзқарастардың негізінде пайда болады.

ius cogens мысалдары

- Басқыншылық соғыс
- Адамзатқа қарсы қылмыстар
- Агрессия
- Геноцид
- Апартеид
- Құлдық
- Азаптау

jus cogens деп танылуы үшін норма келесі талаптарға сәйкес болуы қажет:

- Жалпы халықаралық құқық нормасы болуы қажет
- Мемлекеттердің халықаралық қауымдастығымен қабылдануы мен танылуы қажет
- Нормадан бас тартуға жол берілмейді
- Тек осы қасиетке ие жалпы халықаралық құқықтың нормасымен өзгертілуі мүмкін

Халықаралық құқық Комиссиясы jus cogens нормаларына қарсы келетін мысал шарттарды ұсынды

- БҰҰ Жарғысында бекітілген қағидаларды бұзатын заңсыз әскери күшті қолдану туралы шарттар;
- Халықаралық қылмыстарды жасауға бағытталған шарттар;
- Геноцид, құл саудасы, қарақшылық сияқты халықаралық сипаттағы қылмыстарды жасауға бағыттайтын, үгіттейтін халықаралық шарттар.

Императивті нормалар қарастырылған соттық
тәжірибе

- **Military and Paramilitary Activities in and Against Nicaragua (Nicaragua. v. United States), 1986 ICJ**

Соттың шешімінде әскери күшті қолдануға тыйым салу бұл жалпы [әдет-ғұрыптық халықаралық] құқықтың фундаменталды және негізгі қағидасы болып табылады деп көрсетілген.

Императивті нормалар қарастырылған соттық
тәжірибе

Questions Relating to the Obligation to Prosecute
or Extradite (Belgium v. Senegal), 2012 , ICJ

Сот шешімі бойынша «Азаптауға тыйым
салу халықаралық әдет-ғұрыптық құқыққа
кіретін және императивті (**jus cogens**)
нормасы болып табылатынын белгіледі.

Questions Relating to the Obligation to Prosecute or Extradite (Belgium v. Senegal), 2012 , ICJ

Сонымен қатар, сот «осы тыйым салу кең таралған халықаралық тәжірибеге және мемлекеттердің *opinio juris* – не негізделгенін және әмбебап қолданыстағы халықаралық шарттар нормаларына кіретінін, сол сияқты ол мемлекеттердің барлығының дерлік ұлттық заңнамасында бекітілген норма екендігін» көрсетті

Jurisdictional Immunities of the State. (Germany v Italy:
Greece Intervening), ICJ Reports 2012

Бұл іс бойынша *jus cogens* және мемлекеттік егемендік ара-қатынасы қарастырылды.

Халықаралық Сот ұлттық заңнама мен соттық тәжірибені талдап, келесі шешімге келеді: «Италия соттарында *jus cogens* нормаларының бұзылуы қарастырылса да, мемлекеттің иммунитетін бекітетін халықаралық әдет-ғұрыптық норманы жоққа шығармайды».

Erga omnes

- Barcelona Traction (1970) ісі бойынша:
«мемлекеттердің міндеттемелері барлық халықаралық қауымдастық алдында, және vis-à-vis басқа мемлекет алдында (дипломатиялық қорғаныс) болып бөлінеді. Және біріншісінің табиғаты бойынша ол барлық мемлекеттерге тиесілі және оның сақталуында әрбір мемлекеттің құқықтық мүддесі бар; бұл erga omnes міндеттемелері болып табылады».

• БАРЛЫҚ JUS COGENS
міндеттемелері - ERGA
OMNES міндеттемелері

• БАРЛЫҚ ERGA OMNES
міндеттемелері - JUS COGENS
міндеттемесі **БОЛЫП
ТАБЫЛДМАЙДЫ**

Application of the Convention on the Prevention and Punishment of the Crime of Genocide, (Bosnia and Herzegovina v Serbia and Montenegro), 2007, ICJ

Халықаралық Сот шешімі бойынша:
«Геноцидке тыйым салу бұл **jus cogens** нормасы болып табылады,
Конвенцияда бекітілген басқа
міндеттемелер **erga omnes** қасиетіне
ие»

Erga omnes partes

- Белгілі режимге кіретін мемлекеттердің өзара міндеттемелері.
- Мысалы, ядросыз аймақ құру туралы шарт бойынша міндеттемелер,
- Қоршаған ортаны сақтау туралы шарттар (Киото протоколы)

Soft law v. hard law

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША SOFT LAW
ЖӘНЕ HARD LAW ДЕГЕНІМІЗ
НЕ?

ОЛАРДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ
НЕДЕ?

HARD LAW

Міндеттеуші халықаралық құқық нормалары:

- БҰҰ 25 бабына сәйкес Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері;
- Шарттың міндетілігіне келісім берген мемлекет үшін осы шарт нормалары;
- Халықаралық әдет-ғұрыптық міндеттемелер

SOFT LAW

**ШАРТ
МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ
АНЫҚ ЕМЕС,
ИКЕМДІ
ТАЛАПТАР
РЕТІНДЕ КӨРНІС
ТАБАТЫН
НОРМАЛАР**

**ЗАҢИ МІНДЕТТІЛІГІ
ЖОҚ БІРАҚ ЖҮРІС-
ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРА
АЛАТЫН
ҚАҒИДАЛАР МЕН
ҰСЫНЫСТАР**

- ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- ҚАЙНАР КӨЗДЕРДІҢ ИЕРАРХИЯСЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЙ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІСІНДЕ ҚАЙНАР КӨЗДЕР ИЕРАРХИЯСЫ БЕКІТІЛГЕН?

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР
КӨЗІ -

БҰЛ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖҮЙЕ ШЕГІНДЕ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН,
ЮРИДИКАЛЫҚ МІНДЕТТІ
ЕРЕЖЕЛЕР ТҮРІНДЕ БЕКІТІЛЕТІН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
НОРМАЛАРЫНЫҢ РЕСМИ ЗАҢИ
НЫСАНЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТА:

- ҚАЙНАР КӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІН БЕКІТЕТІН
БІРІҢҒАЙ АКТ ЖОҚ
- және
- ҚАЙНАР КӨЗДЕРДІҢ ИЕРАРХИЯСЫ ЖОҚ

БҰҰ Халықаралық сот Статутының 38 бабына сәйкес

1) Халықаралық құқық негізінде дауларды шешу барысында, сот келесі қайнар көздерді қолданады:

1. Дауласушы мемлекеттермен танылған халықаралық конвенциялар, жалпы және арнайы
2. Халықаралық әдет-ғұрыптар
3. Өркениетті ұлттармен танылған құқықтың жалпы қағидалары
4. 59 бабқа жасалған ескертпені ескере отырып, құқықтық норманы анықтау үшін қосымша құрал ретінде сот шешімдері, жоғары біліктілігі бар мамандардың доктриналары қолданылады.

Міндеттемелер қайнар көздері

- Мемлекеттердің біржақты актілері
- Халықаралық ұйымдардың актілері

СІЗДІҢ ОЙЫҢЫЗША
НЕЛІКТЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚАЙНАР
КӨЗДЕР ИЕРАРХИЯСЫ
ЖОҚ?

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚАЙНАР
КӨЗДЕРІ АБСОЛЮТТИ
СТАТИКАЛЫҚ БОЛЫП
ТАБЫЛМАЙДЫ, ОЛАР ӘРДАЙЫМ
ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҰШЫРАЙДЫ. БҰЛ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ
ДАМУЫНА ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ
ҰШЫРАУЫНА ТІКЕЛЕЙ
БАЙЛАНЫСТЫ.

ХҚ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ КОЛЛИЗИЯ ЕКІ НЕГІЗГІ
ҚАҒИДА АРҚЫЛЫ ШЕШІЛЕДІ.

**lex specialis derogat lex
generalis**

lex posterior derogat lex prior

Халықаралық әдет-ғұрып

БҰҰ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОТ СТАТУТЫНЫҢ 38 БАБЫНА СӘЙКЕС

«... ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП,
ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМА РЕТІНДЕ
ТАНЫЛАТЫН ОРТАҚ ТӘЖІРИБЕ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕТ- ҒҰРЫП

- ЖАЗЫЛМАҒАН НЫСАНДА БЕКІТЕЛДІ;
- ЖАЛПЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚАЙНАР КӨЗІ;
- ШЫН ТӘЖІРИБЕ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСАДЫ;
- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТПЕН САЛЫСТЫРҒАНДА, НАҚТЫЛЫҒЫ МЕН АНЫҚТЫЛЫҒЫ КЕМІРЕК, АЛАЙДА ИКЕМДІЛІГІ НӘТИЖЕСІНДЕ ӨЗГЕРІП ОТЫРҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚҚА ТЕЗ АРАДА СӘЙКЕСТІРІЛЕДІ;
- КЕЙБІР САЛАЛАР БҮГІНГІ КҮНІ ДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРМЕН РЕТТЕЛЕДІ.

Colombia v. Peru (1950) ICJ (The Asylum Case)

Сот шешімі бойынша, егер дауласушы тараптар халықаралық әдет-ғұрыпқа сілтеме жасайтын болса, олар осы әдет-ғұрыптың басқа тарапқа міндеттілігін дәлелдеуі қажет. Яғни Колумбия үкіметі осы ереженің басқа тарап үшін міндеттілігін басқа мемлекеттердің **ТҰРАҚТЫ** және **БІРКЕЛКІ** қолданыс тәжірибесіне сәйкес дәлелдеуі қажет.

Халықаралық-Құқықтық әдет-ғұрып элементтері

ОБЪЕКТИВТІ

**ОРТАҚ
ТӘЖІРИБЕ**

СУБЪЕКТИВТІ

OPINIO JURIS

Federal Republic of Germany v. Denmark, Federal Republic of Germany v. The Netherlands (1969) ICJ (The North Sea Continental Shelf Cases)

- ОРТАҚТЫҚ
- БІРКЕЛКІЛІК
- ТҰРАҚТЫЛЫҚ
- ҰЗАҚТЫҚ
- АСА МҮДДЕЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ
- ПАССИВТІ ТӘЖІРИБЕ

ҚАНДАЙ УАҚЫТ МЕМЛЕКЕТ
ТӘЖІРИБЕСІНІҢ
ҰЗАҚТЫЛЫҒЫН ДӘЛЛЕЛДЕУ
ҮШІН ҚАЖЕТ?

Халықаралық – құқықтық әдет – ғұрыпты құру үшін мемлекеттердің тәжірибе ұзақтылығы ұзақ мерзімді құрауы қажет емес. Әрине әдет-ғұрыптың тұрақтылығы мен дәйектілігі үшін бірқатар уақыт аралығы қажет. Алайда міндетті түрде әдет-ғұрыптық норма көне заманнан бері қалыптасуға міндетті емес.

Federal Republic of Germany v. Denmark,
Federal Republic of Germany v. The
Netherlands (1969) ICJ (The North Sea
Continental Shelf Cases)

Сот шешімі бойынша, халықаралық әдет-ғұрыптық норманың қалыптасуы мерзімге байланысты емес. Егер аз уақыт аралығында мемлекеттердің, соның ішінде аса мүдделі мемлекеттердің тәжірибесі ортақ және біркелкі болса, сол сияқты жалпымен танылғаны және құқықтық міндеттеме ретінде дәлелденсе ол халықаралық-құқықтық әдет-ғұрып ретінде қабылданады.

Тәжірибе дәйектілігі
(последовательность)

United Kingdom v. Iceland (1973) ICJ (The Fisheries Jurisdiction Case)

Судьялар Forster, Bengzon, Jiménez de Aréchaga, Nagendra Singh, and Ruda бірлескен пікірінде:

Норма халықаралық әдет-ғұрып деп танылуы үшін мемлекеттердің тәжірибесі ортақ, дәйекті және келісілген болуы қажет. Егер мемлекет тәжірибесі біркелкі болмаса, дәйектілігі мен реттілігінде айырмашылықтары болса, ол халықаралық әдет-ғұрыпқа айналуы мүмкін емес.

United Kingdom v. Norway (1951)

ICJ (The Anglo-Norwegian
Fisheries Case)

Сот шешімі бойынша, аз деңгейдегі келіспеушілік әдет-ғұрыптық норманың қалыптасуына кедергі жасамайды. Алайда бұл жағдайда ортақ жалпы тәжірибе саны қайшы келетін тәжірибе санынан көп болуы қажет.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДЕТ-
ҒҰРЫП МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ
ӘРЕКЕТСІЗДІГІ АРҚЫЛЫ ҚҰРЫЛА
АЛАДЫ МА?

ТӘЖІРИБЕ

- Біржақты актілер немесе бірлескен мәлімдемелер
- Халықаралық шарттарға қол қою
- Халықаралық ұйымдар резолюциялары мен шешімдері
- Ұлттық заңнаманы қабылдау
- Сот шешімдерін қабылдау
- Министрлер деңгейінде, парламентте немесе өзге де мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың мәлімдемесі
- Мемлекеттердің нақты әрекеттері немесе оның жеке тұлғаларының әрекеттері

OPINIO
JURIS

- Субъективті «психологиялық» элемент, қалыптасып жатқан тәжірибеге көзқарасы нысанында көрініс табады
- Егер мемлекеттер тәжірибесі белгілі әрекет немесе әрекетсіздікте орын алса, *opinio juris* осы әрекеттер мен әрекетсіздіктерге мемлекеттің көзқарасы. Ал құқықтық нанымының болуы немесе болмауы осы тәжірибені қабылдау шарттарына, табиғаты мен мазмұнына байланысты
- Тәжірибе мен *opinio juris* тығыз байланыста
- Ішкі мемлекеттік актіні қабылдау, мемлекеттің біржақты актілері, БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімдері мен резолюцияларының мазмұны мен қабылдау ретіне байланысты *opinio juris* танылуы мүмкін

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕТ-
ҒҰРЫПТЫҚ НОРМАЛАР
БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР ҮШІН
МІНДЕТТІ МЕ?

Persistent objector

ОСЫ ЕРЕЖЕГЕ САЙ МЕМЛЕКЕТТЕР
ҚҰРЫЛЫП ЖАТҚАН ӘДЕТ-ҒҰРЫПҚА
ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ.

ЯҒНИ persistent objector БОЛЫП
ТАБЫЛАТЫН МЕМЛЕКЕТ ҮШІН
ҚАЛЫПТАСЫП ЖАТҚАН ӘДЕТ ҒҰРЫП
МІНДЕТТІ ЕМЕС

United Kingdom v. Norway (1951) (The Anglo-Norwegian Fisheries Case)

Сот шешімі бойынша, шетел мемлекеттердің Норвегия әрекеттеріне жалпы шыдамдығын көрсеткені даусыз. 60 жыл бойы Біріккен Корольдік осы әрекеттерге қарсылық білдірген жоқ... Осы даудың туындауынан бұрын, бұл әрекеттер тұрақты және ұзақ мерзімді тәжирибеге айналды, және Корольдік үкіметінің осы әрекеттің халықаралық құқыққа қайшы келмеуі жөніндегі сенімін дәлелдейді.

**ЖАҢА ПАЙДА БОЛҒАН
МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛҒАН
ӘДЕТ-ҒҰРЫПҚА
ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРЕ
АЛАДЫ МА?**

Альфа мемлекеті В* әдет-ғұрыпының құрылу процессінде тым мүддесі болмағандықтан қарсылық білдірген жоқ. Алайда, бірнеше уақыт өткеннен кейін, белгілі бір жағдайлардың әсерінен осы әдет-ғұрып реттейтін қатынастарда мүддесі пайда болады. Альфа мемлекеті В* әдет-ғұрпына қарсылық білдіруге ниеттенеді. Оның қарсылығы құқыққа сәйкес пе?

Халықаралық әдет-ғұрып

- АЙМАҚТЫҚ (Colombia v. Peru (1950) ICJ (The Asylum Case))
- ЕКІ ЖАҚТЫ (Portugal v. India (1960) ICJ (The Rights of Passage over Indian Territory Case))

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚТАН ДАМУЫ
МҮМКІН

The Scotia (1872), US SUPREME COURT

Халықаралық шарт пен
халықаралық әдет-ғұрып ара
қатынасы

Халықаралық құқықтық нормақұру процессінде ара-қатынас

КОДИФИКАЦИЯ

КРИСТАЛИЗАЦИЯ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРОЦЕССІНДЕ АРА-ҚАТЫНАС

**ӨЗАРА АЛМАСТЫРУШЫЛЫҚ
(ВЗАИМОЗАМЕНЯЕМОСТЬ)**

**ӨЗАРА ШАРТТАСТЫҚ
(ВЗАИМОУСЛОВЛЕННОСТЬ)**

**ӨЗАРА ТОЛЫҚТЫРУШЫЛЫҚ
(ВЗАИМОДОПОЛНЯЕМОСТЬ)**

ӨЗАРА АЛМАСТЫРУШЫЛЫҚ (ВЗАИМОЗАМЕНЯЕМОСТЬ)

Nicaragua v. United States (1986) ICJ (Military and Paramilitary Activities in and against Nicaragua)

ЕГЕР ШАРТ БЕЛГІЛІ БІР ЖАҒДАЙЛАРҒА
СӘЙКЕС ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН
БОЛМАСА, ОСЫ САЛАДА БАР ӘДЕТ-
ҒҰРЫПТЫҚ НОРМА ҚОЛДАНЫЛУЫ
ҚАЖЕТ

ӨЗАРА ШАРТТАСТЫҚ (ВЗАИМООБУСЛОВЛЕННОСТЬ)

**Botswana v. Namibia (1999) ICJ (The
Kasikili/Sedudu Island Case)**

ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ
ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ТҮСІНДІРІЛУІ ОНЫҢ
КОНВЕНЦИЯЛАРДА БЕКІТІЛГЕНІНЕ СӘЙКЕС
БОЛУЫ ҚАЖЕТ. ЯҒНИ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ
НОРМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ
КОНВЕНЦИЯЛЫҚ НОРМАЛАРМЕН
ШАРТТАСАДЫ.

ӨЗАРА ТОЛЫҚТЫРУШЫЛЫҚ
(ВЗАИМОДОПОЛНЯЕМОСТЬ)

Jurisdictional Immunities of the State.
(Germany v Italy: Greece Intervening), ICJ
Reports 2012

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТЫҚ
НОРМАЛАР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ӘДЕТ-ҒҰРЫПТЫҚ НОРМАЛАР БІРГЕ
ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН